



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ



ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК
АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҚОРЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Сөз ғұмыр» республикалық студент-жастар сайысы

Көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің 90 жылдық мерейтойына орай Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры және «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ филология жоғары мектебі 2025 жылдың 16 мамыр күні «Сөз ғұмыр» атты республикалық сайыс өткізеді. Сайысқа ЖОО магистранттары мен студенттері қатыса алады.

Мақсаты: Көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің шығармашылығын, қазақ көркемсөз өнеріндегі қызметі мен орнын жастар арасында насихаттау және зерттеп, зерделеуге баулу. Білімгер жастардың прозаға, поэзияға деген құштарлықтарын арттыру, бойларындағы ақындық таланттарын ұштау, бағалау, бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету.

Сайыс аясында өткізілетін іс-шаралар:

1. «Зейнолла Сәнік тағылымы» мүшәйра.
2. «Зейнолла Сәніктің тарихи шығармаларынан» көркемсөз оқу байқауы.
3. «Сөз зергері Зейнолла Сәнік» эссе байқауы.

I Мүшәйра талаптары (екі тапсырмадан тұрады)

1. Зейнолла Сәнікке арнау өлеңдері kazakh_phil_journal@shakarim.kz почтасына 20 сәуірге дейін жіберілуі керек.

Ескерту: Бұрын жарияланған өлеңдер байқауға қатыстырылмайды.

2. Ұсынылған тақырып бойынша қолма-қол өлең құрастыру. Тақырып мүшәйра кезінде беріледі.

Өлеңге қойылатын талаптар:

1. Әдеби тіл байлығы, тақырыпты дұрыс аша білуі, айтар ойын түйіндеуі, ұтымды ойлары, көркемдігі;
2. Суырып салмалық өнері;
3. Оқу шеберлігі (дауыс мәнері, актерлік шеберлігі).

Өлең үшін қойылатын ең жоғары ұпай саны – 30 балл.

Ескерту: Мүшәйрадан 20-30 арасындағы балл жинаған қатысушы келесі турға өтеді.

II Көркем сөз оқу талаптары

1. Зейнолла Сәніктің прозалық шығармаларынан үзінді оқу

Көркем сөз оқу үшін қойылатын ең жоғары ұпай саны – 30 балл.

Ескерту: Басқа қаламгерлердің прозалық, поэзиялық туындылары байқауға қатыстырылмайды.

2. Көркемсөз оқуға қойылатын талаптар

1. Мәтінді оқу уақыты 3 минуттан аспауы керек;
2. Дайын фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады;
3. Үміткерлер мәтіндерді жатқа білулері шарт.

3. Басшылыққа алынатын критерийлер

1. Көркем мәтінді оқу шеберлігі;
2. Дауыс мәнері және тіл тазалығы;
3. Көркем мәтінді таңдау талғамы;
4. Сахналық бейне және оқу мәнері;
5. Сахналық киім сәні.

Ескерту: Көркемсөз оқудан 20-30 арасындағы балл жинаған қатысушы келесі турға өтеді.

III Эссе талаптары

1. Эссені жазу

Эссе тақырыптары сол күні ұсынылады. Ұйымдастыру комитеті бекіткен тақырыптардың ішінен өз қалауымен бір тақырыпты таңдап алып, 1 сағат 30 минут уақыт ішінде жазу талап етіледі. (Эссе көлемі 300-350 сөз) Эссе үшін қойылатын ең жоғары ұпай саны – 40 балл.

2. Эссе құрылымы

Кіріспе. Берілген тақырыптың мәні мен маңызы ашылады. Бұл бөлікте эссенің бүкіл мазмұнында сипаты ашылатын негізгі ой, мәселе (сұрақ) анық айқындалуы керек (жұмыстың 30 пайызын құрайды).

Негізгі бөлім. Туындаған сұраққа нақты дәлелдер келтіре отырып, негізгі мәселеге байланысты өзіндік ой келтіріледі, кіріспедегі сұрақтың мазмұны ашылады. Әрбір туындаған ой аргументті түрде тұжырымдалады (жұмыстың 60 пайызын құрайды).

Қорытынды бөлім. Негізгі бөлімде ұсынылған дәлелдемелер қорытындыланады (жұмыстың 10 пайызын құрайды).

3. Эссе жазудағы талаптар

1. Автордың жеке ұстанымы, жеке көзқарасы болуы шарт;
2. Субъективтілікке бағытталған автор ойы логикалық жүйемен, ішкі мағыналық бірлікпен берілуі тиіс;
3. Автор ойы мақал-мәтелдермен, афоризмдермен немесе ұлы ойшылдардың қанатты сөздерімен дәйектелуі керек;
4. Дәлелденуге тиісті мәселе анық және оны дәлелдеу үшін қолданылатын аргументтер міндетті түрде қамтылуы керек;
5. Көркем әдеби эссе болғандықтан бейнелі, образды сөздердің қолданылуы шарт.
6. Эсседегі барлық мәселелер өз тәжірибеңізге сілтеме жасау арқылы мысалдармен расталуы тиіс;
7. Эсседе грамматикалық (тілдік) нормалар сақталуы керек: сөйлемдердің стилистикалық құрылымының дұрыс болуы, ықшамдалған мағыналы жай сөйлемдерге басымдық беру, сөздерді сұрыптап қолдану, тұтас ой сабақтастығы азатжолдарда үзіліп кетпеуін қадағалау,

грамматика мен көркем жазу нормаларын сақтау, ой иірімдерін беру мен өзіндік стилінің ерекшелігіне сай тыныс белгілерін сауатты қолдана білу.

4. Эссенің бағалануы:

Эсселер автордың тақырыпты түсінуі, көтерілген мәселені бағалай алуы, ой толғаныс жасай алуы және жазылым сапасы бойынша бағаланады.

IV Жеңімпаздарды марапаттау

Бас жүлде (біреу) – 500 000 (бес жүз мың) теңге;

I орын (біреу) – 350 000 (үш жүз елу мың) теңге;

II орын (екеу) – 150 000 (жүз елу мың) теңге;

III орын (үшеу) – 75 000 (жетпіс бес мың) теңге.

Сонымен қатар Алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтары.

Қатысу өтінімдері

1	Тегі, аты-жөні	
2	ЖОО (толық атауы), курс, мамандығы	
3	Байланыс телефоны	
4	Электронды почтасы	
5	Жетекшісі жайлы мәлімет (тегі, аты-жөні, лауазымы)	

Ескерту: Әр университеттен 1 адам ғана қатыса алады.

Қатысу өтінімдері сайысты ұйымдастыру комитетіне 2025 жылдың 30 сәуіріне дейін жіберілуі қажет. E-mail: kazakh_phil_journal@shakarim.kz

Ұйымдастыру комитеті: Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры және «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Филология жоғары мектебі, Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасы.

Байланыс телефондары: Токсамбаева Айман Омарқанқызы 8-747-259-21-14, 8-747-063-10-69, Мұқанова Қаршыға Қайроллақызы, Самекбаева Эльмира Мақсұтқызы 8-775-757-01-59.

E-mail: kazakh_phil_journal@shakarim.kz

Өтетін орны: Семейдің Шәкәрім атындағы университетінің №3 оқу ғимараты, Қашаған к. 1.